

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІМЕН!



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

Ардақты аналар және аяулы арулар!



Сіздерді келе жатқан көктемнің шұғылалы мерекесі 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Халықаралық Әйелдер күні - ақ жаулықты аналарымыз бен ана-қарындастарымыздың отбасындағы, жалпы қоғамдағы ролін айқындап көрсетуге ерекше мүмкіндік береді. Барлық адамзат Сіздердің алдарыңызда бас иеді. Әйел-ана, қыз-келіншектердің қазіргі кезде ел экономикасының өрлеп, экологиялық және әлеуметтік жағдайының жақсаруына қосып жүрген үлестері өлшеусіз. Әр отбасының ұйытқысы болып, ұрпақ тәрбиелеуде де еңбектері зор.

Құрметті Аналар, аяулы Арулар! Сіздер - өмірдің өзегі, тіршіліктің күре тамыры болғандықтан Сіздердің орындарыңыз қашанда бөлек, есімдеріңіз қастерлі.

Сіздерді көктем мерекесімен шын ықыласымызбен құттықтай отыра, баршаңызға мықты денсаулық, баянды бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз. Отбасыларыңыз аман, әрбір игі істеріңіз берекелі болсын!

Мереке құтты болсын!

Құрметпен,

«Сыр Табиғаты» газетінің редакциясы.

12+ №8(533)
4 наурыз
 марта
 march **2026**
 Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА РАЗВИТИЯ АКВАКУЛЬТУРЫ БУДЕТ ВНЕДРЕНА В КАЗАХСТАНЕ

ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

ТРИ НОВЫХ ВОДОХРАНИЛИЩА ПОСТРОЯТ В КАЗАХСТАНЕ К 2029 ГОДУ

В Казахстане в 2026 году начнется строительство трех новых водохранилищ за счет средств Исламского банка развития. Об этом на брифинге в СЦК сообщил вице-министр водных ресурсов и ирригации Ерболат Ибрайханов, передает агентство Kazinform.

По его словам, новые объекты появятся в Жамбылской, Западно-Казахстанской и Кызылординской областях.

- Мы начнем за счет Исламского банка в 2026 году строительство трех водохранилищ: в Жамбылской области - Акмола, в Западно-Казахстанской - Жалпақтал и

в Кызылординской области - Караозек. Срок завершения строительства согласно проектно-сметной документации - три года, - сказал Ибрайханов.

Вице-министр также сообщил о других проектах в сфере водохозяйственной инфраструктуры. В настоящее время в стране одновременно ведется строительство и проектирование новых водохранилищ.

- В настоящее время ведется строительство двух водохранилищ в Туркестанской области общей емкостью 69,1 миллиона кубических метров. Завершение строительно-монтажных работ запланировано на текущий год, - сообщил он.

Кроме того, разрабатывается проектно-сметная документация по пяти новым водохранилищам: в области Абай - Караколь и Каргыба, в Западно-Казахстанской области - Малый Узень, в Карагандинской - Садовое, в области Жетысу - Покатилоское.

Также уже подготовлены проекты еще пяти объектов: в Акмолинской области - Есильский контррегулятор, в Жамбылской области - Калгуты и Акмола, в Западно-Казахстанской области - Большой Узень, в Кызылординской области - Караозек.

В текущем году планируется разработать проектную документацию еще по восьми водохранилищам: в области Абай - Келдимурат, Малая Буконь, Коктерек и Базар, в Восточно-Казахстанской области - Кендирик, Карабута, Алебастр и Орта-Ласты.

По материалам А.Абубакир, inform.kz, фото: Правительство РК.



НОРМЫ ПОТРЕБЛЕНИЯ ТЕПЛОВОЙ ЭНЕРГИИ УТВЕРДИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

ЧИТАЙТЕ НА 3-Й СТРАНИЦЕ

РЕГИСТРАЦИЮ ЛЕКАРСТВ УСКОРЯТ ВДВОЕ В КАЗАХСТАНЕ

ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ	Ср., 4 марта 2026	Чт., 5 марта 2026	Пт., 6 марта 2026	Сб., 7 марта 2026	Вс., 8 марта 2026	Пн., 9 марта 2026	Вт., 10 марта 2026
Кызылорда Источник: gismeteo.kz Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.	Облачно +4°C 3 м/с З -1°C 91% влажн. 757 мм рт.ст.	Облачно +6°C 1 м/с В -1°C 94% влажн. 756 мм рт.ст.	Облачно +9°C 2 м/с Ю +6°C 93% влажн. 757 мм рт.ст.	Ясно +10°C 2 м/с В 0°C 95% влажн. 753 мм рт.ст.	Облачно +8°C 4 м/с З +1°C 90% влажн. 756 мм рт.ст.	Малооблачно +7°C 2 м/с З 0°C 89% влажн. 756 мм рт.ст.	Пасмурно +8°C 4 м/с З +1°C 85% влажн. 756 мм рт.ст.

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА РАЗВИТИЯ АКВАКУЛЬТУРЫ БУДЕТ ВНЕДРЕНА В КАЗАХСТАНЕ



В Министерстве сельского хозяйства рассказали о цифровизации рыбной отрасли, передает Kazinform.

В 2025 году была запущена информационная система прослеживаемости рыбы и рыбной продукции «E-Fish». Система обеспечивает интеграцию информационных ресурсов государственных органов, участвующих в выдаче документов, подтверждающих легальность происхождения рыбы и рыбной продукции. Основная цель - предотвращение оборота продукции незаконного происхождения.

По данным Минсельхоза, на сегодняшний день в «E-Fish» зарегистрировано 1196 субъектов рыбного хозяйства и аквакультуры, что составляет более 95% от их общего числа.

Интеграция Единой автоматизированной системы управления с «E-Fish» позволила блокировать оформление ветеринарных документов в случаях превышения установленных квот на вылов и объемов выращивания рыбы. Благодаря внедрению системы удалось сократить теневой оборот рыбной продукции на две тысячи тонн.

В рамках реализации Закона «Об аквакультуре» с 2027 года предусмотрено внедрение информационной системы развития аквакультуры. Ее реализация планируется на базе действующей системы «E-Fish» путем создания отдельного модуля «Аквакультура».

Новая система обеспечит мониторинг и анализ развития аквакультуры, формирование и ведение реестра субъектов отрасли, а также учет и прослеживаемость объектов аквакультуры с возможностью сбора и обработки необходимых данных.

По материалам Д.Калманбаевой, inform.kz,
фото: Министерство сельского хозяйства РК.

ЛИМИТЫ ВОДОПОТРЕБЛЕНИЯ УСТАНОВИЛИ ДЛЯ ПЯТИ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА



Министр водных ресурсов и ирригации Нуржан Нуржигитов на заседании Правительства назвал лимиты водопотребления для южных регионов на фоне напряженной водохозяйственной ситуации, передает Kazinform.

По итогам профильных совещаний создана рабочая группа, которая установила предельные объемы водопотребления для областей:

- Кызылординская область - 3,2 кубокилометра;
- Туркестанская область - 3,8 кубокилометра;
- Алматинская область - 2,1 кубокилометра;
- область Жетысу - 1,8 кубокилометра;
- Жамбылская область - 1,2 кубокилометра.

При этом с учетом текущей водохозяйственной обстановки лимиты для Жамбылской области пересматривают в сторону уменьшения. Окончательный объем водопользования планируют довести до акимата региона до 1 марта 2026 года.

В министерстве подчеркнули необходимость строгого соблюдения установленных лимитов, дальнейшего сокращения посевных площадей влаголюбивых культур, диверсификации структуры посевов и обязательного внедрения водосберегающих технологий как ключевого элемента растениеводства.

По материалам А.Абубакир, inform.kz,
фото: Минводы и ирригации РК.

КРЫМ-КОНГО ҚАНДЫ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ - АСА ҚАУІПТІ ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Крым-Конго қанды геморрагиялық қызбасы (КҚГК) - вирустық табиғаты бар, өте қауіпті жұқпалы ауру. Бұл дерт адам ағзасында ауыр интоксикация мен қан кетулерге әкеліп, дер кезінде медициналық көмек көрсетілмесе, өлім қаупін тудырады. Ауру көбіне көктем-жаз мезгілдерінде тіркеледі.

Ауру қалай жұғады? КҚГК вирусының негізгі тасымалдаушысы - кенелер. Жұғу жолдары:

- Кене шағуы арқылы;
- Ауру малдың қанымен немесе ұлпасымен жанасу;
- Мал сою, төлдету, қырку кезінде қорғанышсыз жұмыс істеу;

• Ауру адаммен тығыз байланыс кезінде (медицина қызметкерлері үшін қауіпті).

Аурудың белгілері.

Ауру кенеттен басталады. Негізгі белгілері:

- Дене қызуының күрт 39-40°C-қа дейін көтерілуі
- Қатты бас ауруы, көздің ауыруы
- Бұлшық ет пен белдің сырқырауы
- Әлсіздік, жүрек айну, құсу

Ауру асқынған жағдайда:

- Терідегі қанталаулар
- Мұрыннан, қызыл иектен қан кету
- Ішкі ағзалардан қан кету
- Қан қысымының төмендеуі

Алдын алу шаралары.

КҚГК-ның алдын алуда сақтық шаралары аса маңызды:

- Табиғатта немесе мал арасында жұмыс істегенде жабық киім кию;
- Кенеге қарсы репелленттерді қолдану;
- Мал қораларын және аумақты кенеге қарсы өңдеу;
- Мал дәрігерлік бақылауда болуы тиіс;

- Кенені жалаң қолмен алмау, арнайы құрал қолдану;

Кене шаққан жағдайда:

- Оны өз бетімен жұлып тастамау;
- Деру медициналық мекемеге жүгіну.

Емделуі. КҚГК - тек стационарлық жағдайда емделетін



ауру. Өзін-өзі емдеуге қатаң тыйым салынады. Ерте анықталып, уақытылы ем көрсетілген жағдайда науқастың өмірін сақтап қалуға болады.

Қорытынды. Крым-Конго қанды геморрагиялық қызбасы - аса қауіпті инфекция. Сондықтан әрбір азамат жеке қауіпсіздік шараларын сақтап, кене шағу жағдайында уақыт оздырмай дәрігерге қаралуы қажет. Аурудың алдын алу - баршамыздың ортақ міндетіміз.

Г.АЙЫМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУ ТУРАЛЫ



Туберкулезді әр жаста жұқтыруға болады, әсіресе бұл ауру балалар үшін қауіпті. Балалардың иммунитет жүйесі толығымен қалыптаспаған, сондықтан бала ағзасы әр түрлі жұқпаларға шалдыкқыш келеді. Балаларда туберкулез симптомдары аурудың түріне және жұқпа үрдісінің оқшаулану жеріне байланысты. Өкпе туберкулезінде аурудың негізгі симптомдары: жөтел (2 аптадан астам уақыт), дене қызуының ұзақ мерзімге көтерілуі, шаршағыштық, оқуға үлгермеу, тәбетінің жоғалуы, арықтау. Өкпе туберкулезінің белгілері суық тиімен, ЖРВИ немесе бронхит ауруының белгілері ретінде қабылдануы мүмкін, ұзақ мерзімді жөтелу және дене қызуының көтерілуі туберкулезге тән белгілер екенін ұмытпау қажет. Туберкулезге күдік туған жағдайларда қосымша тексерілуден өту қажет. Манту сынағасы балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез ауруын анықтаудың маңызды әдісі болып табылады.

Туберкулез диагнозы расталған жағдайда баланың емі

деру басталады. Балалар емдеуді жақсы көтереді және өкпенің зақымдалған тіні ересектерге қарағанда балаларда тез қалпына келеді. Аурудың алдын алу мақсатында балаларға туберкулезге қарсы вакцина егіледі, ерте жаста БЦЖ вакцинасымен иммундау туберкулез аурушандығын 15 есе төмендетеді және туберкулездің ауыр түрлерінің дамуының алдын алады. Бұл вакцина жаңа туған нәрестенің алғашқы екпесі болып табылады. Вакцина бала туғаннан 1-3 тәулік өткеннен кейін перзентханада салынады, иммунитет қорғанысын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. БЦЖ вакцинасынан кейін қалыптасқан иммунитет сақталады.

Вакцинаның арқасында әлемде миллиондаған балалардың өмірі сақталады. Салауатты өмір салтын ұстану туберкулездің алдын алудың маңызды шарасы болып табылады, оған, толық құнарлы тамақтану, күнделікті денені шынықтыру және уақытылы демалуды қажет етеді. Балалар таза ауада жиі серуендеу, үйді жиі желдетіп отыру керек. Ата-аналар балаларын қарапайым санитариялық ережеге үйрету қажет, жөтелу, түшкіру кезінде орамал қажеттілігін түсіндіру. Туберкулезге қарсы күресудің жетістігі ата-аналарға байланысты.

Туберкулездің ашық формасымен ауыратын тікелей қарым-қатынаста болған, яғни отбасы мен жұмыс орны бойынша тығыз қарым-қатынаста болған адамдарға жұғуы мүмкін. Туберкулез көбінесе өкпені зақымдайды, бірақ сирек жағдайларда дененің лимфа түйіндері сүйек жүйесі тіпті миды зақымдайды. Туберкулез адамнан адамға ауа ташылы жолмен тарайды. Яғни жөтелгенде, түшкіргенде, науқаспен тығыз қарым-қатынас жасағанда беріледі. Туберкулез адамнан-адамға жұғады. Туберкулезді ерте сатыда анықтау мақсатында ересектердің барлығына емханада жылына бір рет флюорографиялық тексеруден өтіп тұруды қажет етеді.

Н.ТҮРҒАНБАЕВА,
Сырдария аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау Басқармасының
эпидемиологиялық бақылау, қызметті
жоспарлау және талдау бөлімінің жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

КЫЗЫЛОРДА РАСШИРЯЕТ ГРАНИЦЫ: ТЕРРИТОРИЯ ГОРОДА УВЕЛИЧИТСЯ НА 172 ГЕКТАРА



В 2023 году в рамках работы по улучшению архитектурного облика города Кызылорда было разработано около 40 эскизных проектов, передает корреспондент агентства Kazinform.

Как сообщили в городском отделе архитектуры и градостроительства, в их числе - проекты по благоустройству аллеи и общественных пространств, обновлению фасадов многоквартирных жилых домов, развитию прибрежной территории реки Сырдарья, а также по архитектурному оформлению социальных объектов и объектов инженерной инфраструктуры.

- Работа по разработке нового генерального плана города продолжается. Территория города увеличена на 172 гектара, а его обшая граница определена в пределах

20 700 гектаров. Заключительный этап проекта зависит от требований государственной экспертизы. В текущем году планируется утвердить генеральный план и схемы развития населённых пунктов, - говорится в сообщении.

В ведомстве также отметили, что в прошлом году сотрудники отдела провели мониторинг объектов незаконного строительства. В результате было выявлено 298 объектов предпринимательства, возведённых без разрешительных документов, по которым приняты меры в соответствии с требованиями законодательства.

Владельцам объектов назначены штрафы на общую сумму 44,1 млн тенге.

По материалам А.Эсеналиевой,
inform.kz, фото: Н.Нуржаубай.

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



мамандандырылған тамақ өнімдері, оның ішінде ББҚ-ның мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтері бірыңғай тізілімге (реестрге) енгізілуі керек. ҚР 07 шілде 2020 жылғы №360-ІV ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 56-бабының 1-тармағында тағамға ББҚ жарнамасы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Яғни Қазақстан Республикасының ДСМ-нің 2020 жылғы 27 қазандағы № 160/2020 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудағы және қадағалаудағы мемлекеттік тіркеуге жататын өнімдердің (тауарлардың) жарнамасын жүзеге асыру қағидалары» негізінде бірыңғай тізілімде тіркеуін тексеруді ұсынамыз, өйткені мемлекеттік тіркеуден өтпеген ББҚ-ны өткізу адамдардың денсаулығы мен өмірі үшін қауіпті. Сондықтан мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің бар екендігіне көз жеткізген жағдайда ғана ББҚ-ны пайдаланған жөн.

Бүгінде дүкен сөрелерінде, интернет желіде ББҚ-дың өте көп түрлерін табуға болады. Биологиялық белсенді қоспалар (әрі қарай ББҚ) - тағам құнарын арттыру мақсатында қолданылатын табиғи тектес қоспалар. Ол мамандандырылған азық-түлік өнімдеріне жатады және дәрілік зат болып табылмайды. ББҚ-ды дәрі-дәрмектер орнына қолдануға болмайды. Дәрі-дәрмектерді аурудың алдын алу, емдеу үшін қолданса, ББҚ ферменттердің түзілуі үшін, адам ағзасындағы керекті дәрумендер мен минералдарды толықтыру мақсатында пайдаланылады.

Кеден Одағының 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің 26-бабына сәйкес

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

"ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА": 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕУЛЕР

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылдың I қаңтарынан бастап еліміздің ең маңызды әлеуметтік жобаларының бірі "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы іске асырылуда.

Бағдарлама жас қазақстандықтардың ересек өмірді табысты бастауы үшін қажет бастапқы жинақтарын қалыптастыруға бағытталған. Жинақтарды тұрғын үй жағдайын жақсартуға және/немесе білім алу үшін пайдалануға немесе зейнетақы жинақтары ретінде болашаққа сақтап қалуға болады.

Жыл сайын көмелетке толмаған балаларға олардың БЖЗҚ-дағы шоттарына Ұлттық қордан нысаналы талаптар түріндегі қаржы, сондай-ақ инвестициялық кіріс есептеледі. Балалар көмелетке толған кезде жинақталған талаптар олардың БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтар түрінде есептеледі.

2025 жылдың қорытындысы бойынша бағдарламаға қатысушы 6 918 656 әр қазақстандық балаға 130,71 АҚШ доллары мөлшерінде кезекті сома есептелді. Естеріңізге сала кетейік, жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50% Қазақстан азаматы саналатын барлық балалар арасында теңдей бөлінеді. Балалар туралы деректер алдыңғы жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан алынады.

Сонымен қатар бағдарламаға қатысатын көмелетке толмаған балалардың бұған дейін қалыптасқан талап сомаларына жыл сайын қосымша инвестициялық кіріс есептеледі.

Бағдарламаға үшінші жыл қатысып келе жатқан балаларға алдыңғы екі жыл үшін 9,95 АҚШ доллары мөлшерінде қосымша инвестициялық кіріс есептеледі. Бағдарламаға екінші жыл қатысып отырған балаларға өткен жыл үшін қосымша 3,84 АҚШ доллары көлемінде инвестициялық кіріс есептеледі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балалардың барлық нысаналы жинақтарының жыныстық мөлшері (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық табысты қоса алғанда) келесі сомаларды құрады:

- үшінші жыл қатысатын балаңкі 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл қатысатын балаңкі 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысқан балаңкі 130 доллар 71 цент.

Инвестициялық кірісті ескере отырып нысаналы талаптардың бір қатысушыға жинақталған сомасы (АҚШ долларымен)

Баланың нысаналы талаптарға қатыса бастаған жылы	Нысаналы талаптарды (НТ) және нысаналы талаптарға инвестициялық кіріс (НТ-ға ИК) есептелген жыл					Бір қатысушыға шаққандағы жинақталған сома
	2024		2025		2026	
	НТ	НТ-ға ИК	НТ	НТ-ға ИК	НТ	
2023	100,52	3,04	129,38	6,91	130,71	370,56
2024	x	x	129,38	3,84	130,71	263,93
2025	x	x	x	x	130,71	130,71

Естеріңізге сала кетейік, 18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан алынған сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте балаларға есептелген сомалар Ұлттық қор активтері құрамында қалып, инвестицияланады. Инвестициялауды жалғастырудың арқасында жыл сайын әр баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық кіріс есебінен қосымша өсіп отырады.

Бағдарлама басталғаннан бері Ұлттық қордан барлық балаға есептелген қаражат мөлшері шамамен 2,5 млрд АҚШ долларын құрады.

2026 жылы 356 613 Қазақстан азаматы 18 жасқа толады және олар өздерінің нысаналы жинақтарын пайдалану құқығына ие болады.

Естеріңізге сала кетейік, балалар көмелетке толатын жылы олардың нысаналы талаптары нысаналы жинақтарға айналып, жыл басында автоматты түрде БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шотына АҚШ долларымен есептеледі.

18 жасқа толған күннен бастап олар бұл қаражатты тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе білім алуға өз бетінше пайдалана алады немесе зейнетақы жинақтары ретінде болашаққа сақтап қалуға құқылы.

Балаларды есепке алудың дұрыстығы мен толықтығы Бағдарламаға қатысатын балалардың толық тізімін қалыптастыру кезінде БЖЗҚ "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан апаратын жүйелерді интеграциялау арқылы алынған мынадай мәліметтерді ескереді:

- туғаннан ҚР азаматы болып есептелетін балалар;
- ҚР азаматтығын туғаннан кейін қабылдаған балалар, азаматтықты қабылдаған күні көрсетілген;
- ҚР азаматтығын жоғалтқан немесе одан шыққан балалар;
- қайтыс болған балалар туралы, қайтыс болған күні не қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күні көрсетілген;
- "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорындағы балалар туралы басқа да мәліметтердің өзектендірілгені туралы.

2025 жылдың қорытындысы бойынша бағдарламаға қатысушылардың санын айқындау кезінде сонымен қатар бұған дейін тізімге енгізілмеген, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорындағы толық емес немесе өзектілігін жоғалтқан деректер анықталған жағдайларды қоса алғандағы балалар да ескерілді. Оларға өткізіп алған кезеңдегі қаражат инвестициялық кіріс есебімен бірге толық көлемде есептеледі.

Ақпаратқа қол жеткізу 18 жасқа толмаған баланың Бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты ата-аналары мен заңды өкілдері баланың ЖСН бойынша kids.enpf.kz сайты, eGov mobile мобильді қосымшасы арқылы тексере алады.

Көмелетке толған қатысушылар enpf.kz сайтындағы жеке кабинетінде, БЖЗҚ мобильді қосымшасында және электрондық үкіметтің eGov mobile мобильді қосымшасында өз бетінше тексере алады.

Жинақтарын пайдалану туралы шешім қабылдағаннан кейін, жастар АҚШ долларында банктік шот ашу және төлемге онлайн өтініш беру үшін уәкілетті операторға жүгінуі керек. Өтінішті интернет-ресурс немесе уәкілетті операторлардың бірінші мобильді қосымшасы арқылы беруге болады: "Отбасы банкі" АҚ (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және білім беру ақсыын төлеу мақсатында), "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Банк ЦентрКредит" АҚ (білім беру ақсыын төлеу мақсатында).

"Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы болашақ ұрпақтың өмірлік мақсаттарына жету үшін қаржылық қорын құруға ықпал ететін ұзақмерзімді стратегия.

Нысаналы талаптарға қатысушылар мен нысаналы жинақтарды алушылар, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақсыын төлеу мақсатында пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Тақырып бойынша бейнетүсініктеме - БЖЗҚ ЕНПФ YouTube арнасында.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ҚҰТЫРМА - ӨЛІМГЕ ӘКЕЛУІ МҮМКІН АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Құтырма - жүйке жүйесін зақымдайтын, аса қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Аурудың қоздырғышы - вирус, ол көбіне ит, мысық, қасқыр, түлкі, жарқанат сияқты жануарлар арқылы адамға жұғады. Құтырма дер кезінде медициналық көмек көрсетілмесе, өліммен аяқталуы мүмкін.

Қалай жұғады?

Құтырма вирусы ауру жануардың сілекейі арқылы жұғады.

Негізгі жұғу жолдары:

- Ит, мысық және басқа жануарлардың тістеуі
- Терінің жаракаттанған жерін жалауы
- Сілекейдің көзге, ауызға немесе ашық жараға түсуі

Аурудың белгілері. Құтырманың жасырын кезеңі бірнеше аптадан бірнеше айға дейін созылуы мүмкін.

Алғашқы белгілері: Тістелген немесе жараланған жерде ауырсыну, қышыну; Бас ауруы, әлсіздік; Дене қызуының көтерілуі.

Ауру асқынған кезде: Суды жұта алмау (гидрофобия); Жарық пен дыбысқа сезімталдық; Бұлшық еттердің құрысуы; Ашушандық, қорқыныш, сандырақтау.

Алдын алу шаралары. Құтырманың ең тиімді алдын алу жолы - уақытылы вакцинация. Атап айтқанда:

- Ит пен мысықтарды жыл сайын құтырмаға қарсы ектіру;
- Қаңғыбас жануарлардан сақтану;
- Балаларды жануарлармен қауіпсіз қарым-қатынасқа үйрету.

Жануар тістеген жағдайда:

1. Жараны дереу сабынмен және мол сумен жуу
 2. Иод немесе антисептикпен өңдеу
 3. Міндетті түрде медициналық мекемеге жүгіну
- Емделеді ме? Құтырманың клиникалық белгілері пайда



болғаннан кейін емі жоқ. Бірақ ауру белгілері шықпай тұрып салынған вакцина адам өмірін сақтап қалады. Сондықтан кез келген тістелу немесе жаракаттан кейін дәрігерге баруды кешіктіруге болмайды.

Қорытынды. Құтырма - өте қауіпті, бірақ алдын алуға болатын ауру. Әрбір адам жануарлармен қарым-қатынаста сақ болып, профилактикалық шараларды сақтауы қажет. Өз өміріңіз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі өз қолыңызда.

Г.АЙМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық СЭББ санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы,
ашық көздерден алынған фотосурет.

1,1 МЛРД ТЕНГЕ ВЫДЕЛИЛО ПРАВИТЕЛЬСТВО НА ИЗУЧЕНИЕ И СОХРАНЕНИЕ КАСПИЯ



В рамках исполнения поручений Президента по комплексному изучению и сохранению Каспия, а также поддержанию экологической устойчивости региона, из резерва Правительства выделено 1,1 млрд тенге АО «Казакский научно-исследовательский институт Каспийского моря».

Соответствующее постановление подписано Премьер-министром Олжасом Бектеновым.

Финансирование будет способствовать улучшению научного потенциала института. Средства предусмотрены на закуп оборудования для ведения морского мониторинга, а также оснащение гидробиологической и гидрохимической лабораторий. Это позволит НИИ перейти к комплексному мониторингу непосредственно на акватории моря, включая системные наблюдения за гидрометеорологическими и биологическими параметрами среды, расширить научно-обоснованную базу о процессах в казахстанской части моря.

На сегодня для выработки эффективных мер НИИ активно интегрируется в международное научное сообщество, вступило в Ассоциацию университетов и научно-исследовательских центров Прикаспийских стран.

Для реализации данного Постановления Министерству экологии и природных ресурсов поручено принять все необходимые меры, Министерству финансов – обеспечить строгий контроль за целевым использованием бюджетных средств.

<https://primeminister.kz/ru/news/11-mlrd-tenge-vydেলilo-pravitelstvo-na-izucenie-i-soxranenie-kaspiia-31108>

По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz, фото www.gov.kz.

НОРМЫ ПОТРЕБЛЕНИЯ ТЕПЛОВОЙ ЭНЕРГИИ УТВЕРДИЛИ В КАЗАХСТАНЕ



Опубликован приказ министра промышленности и строительства Республики Казахстан от 17 февраля 2026 года «Об утверждении норм потребления тепловой энергии», передает Kazinform.

Нормы применяются только для жилых помещений за отопительный период и зависят от климатического района и этажности здания.

Первый климатический район - от 0,1333 гигакалорий (2 этаж) до 0,1185 гкл (12 этаж и выше): Астана, Акмолинская область, Актюбинская область, ВКО, Карагандинская область, Костанайская область, область Абай, область Улытау, Павлодарская область, СКО.

Второй климатический район - от 0,0898 (2 этаж) до 0,0933 гкл (12 этаж): Алматы, Атырауская область, Алматинская область, Кызылординская область, ЗКО, область Жетысу

Третий климатический район - до 0,0897 гкл (2 этаж) до 0,0628 гкл (12 этаж и выше): Шымкент, Жамбылская область, Мангистауская область, Туркестанская область

Приказ вводится в действие с 7 марта 2026 года.

По материалам Д.Калманбаевой, inform.kz, фото: пресс-служба Правительства РК.

ФОРТИФИКАЦИЯЛАНҒАН ҰНДЫ ПАЙДАЛАҢУ: ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Фортификацияланған ұн - құрамына адам ағзасына қажетті дәрумендер мен минералдар қосылған ұн. Мұндай ұнды пайдалану халық денсаулығын жақсартудың тиімді жолдарының бірі болып саналады. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстан аумағында да ұнды міндетті түрде байыту тәжірибесі енгізілген.

Фортификация деген не?

Фортификация - тағам өнімдерінің құрамын темір, фолий қышқылы, В тобының дәрумендерін сияқты микроэлементтермен байыту үдерісі. Бұл әдіс әсіресе анемия, дәрумен жетіспеушілігі сияқты кең таралған мәселелердің алдын алуға көмектеседі.

Неліктен фортификацияланған ұн маңызды?

Анемияның алдын алады. Темірмен байытылған ұн қандағы гемоглобин деңгейін қалыпты ұстауға көмектеседі.

Жүкті әйелдер мен балалар үшін пайдалы.

Фолий қышқылы ұрықтың дұрыс дамуына әсер етеді және туа біткен ақаулардың алдын алады. Иммуитетті нығайтады.

В дәрумендері ағзаның жалпы жағдайын жақсартып, жүйке жүйесінің қызметін қолдайды.

Қолжетімді және тиімді. Ұн - күнделікті тұтынатын негізгі азық-түлік өнімі. Сондықтан оны байыту - халықтың көп бөлігін қамтудың оңай жолы.

Фортификацияланған ұн қайда қолданылады?

Мұндай ұннан: Нан өнімдері, Макарон тағамдары, Тәтті және тұзды кондитерлік өнімдер, Ұй жағдайында дайындалатын тағамдар әзірленеді.

Күнделікті ас мәзірінде осы өнімдерді пайдалану арқылы адам ағзасы қажетті микроэлементтерді табиғи жолмен қабылдайды.

Фортификацияланған ұн - денсаулықты нығайтудың қарапайым әрі тиімді тәсілі. Ол арнайы дәм немесе иіс бермейді, бірақ ағзаға үлкен пайда әкеледі. Сондықтан дүкеннен ұн немесе нан өнімдерін сатып аларда олардың байытылған (фортификацияланған) екеніне назар аудару маңызды.

Халық денсаулығын жақсарту - әр адамның дұрыс таңдауынан басталады.

Г.С.АЙМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы, ашық көздерден алынған фотосурет.

ТАҒАМНАН УЛАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ



Тағамнан улану ауруы-тағам арқылы берілетін түрлі этиологиялы аурулар тобы болып табылады. Ол әртүрлі микроағзалар түрімен жаппай ластанған тағамды жегенде немесе құрамында улы бактериялы заттары бар тағамдарды тұтынған жағдайда пайда болады.

Жаз мезгілінде, яғни, ауа райының ыстық кезеңінде микроағзалар, соның ішінде ауру тудырушы бактериялар үшін қолайлы жағдай туындап, тағамнан улану қаупі арта түседі. Себебі, бұл уақытта микроағзалар жылдам көбейеді де, тағамдардың дайындалуы, сақталуы мен тасымалдануына қойылатын санитариялық талаптардың біреуінің дұрыс орындалмауы тікелей тағамнан улануға алып келеді.

Тағамнан улану қаупін болдырмау және қауіп дәрежесін азайту үшін келесідей тағамнан уланудың алдын алуға бағытталған қарапайым, бірақ тиімді ережелерді сақтауды ұсынамыз; тағам сатып аларда қаптаманың тұтастығына, жарамдылық және сақтау мерзіміне көңіл бөліңіз; қаптамада көрсетілген өндіруші ұсынған мерзімге дейін сақтаңыз; тағамның түсіне, иісіне, дәміне назар аударыңыз; тағамды тек жана өнімдерден дайындаңыз; тағам дайындау барысында жеке бас гигиенасын сақтаңыз; шикі және дайын өнімді өңдеу үшін әр түрлі пышак, кесу тактайшаларын пайдаланыңыз; шикі ет пен балық кесілген тактайшаға жасыл көкөністер мен жемістерді, шұжықтарды кесуге болмайды; жеміс жидекті мұқият жуыңыз; жұмыртқаны жармай тұрып оны жақсылап жуыңыз; ас үй сүлгілерін, ыдыс жууға арналған шүберекті жиі ауыстырып тұрыңыз; тоңазытқышта шикі етпен балықты, дайын тағамдармен бірге сақтамаңыз; пісірілген тағамдарды тоңазытқышта 24 сағаттан артық сақтамаңыз.

Аудан тұрғындары өз денсаулықтарыңызға жауапкершілікпен қарап, тамақтан уланудың алдын алуың қарапайым шараларын сақтауға кеңес береміз.

Н.ТҰРҒАНБАЕВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының эпидемиологиялық бақылау, қызметті жоспарлау және талдау бөлімінің жетекші маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

АУА-ТАМШЫЛЫ ЖОЛМЕН ТАРАЛАТЫН ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жұқпалы аурулар ең көп таралған аурулар болып табылады. Жұқпалы ауру жағдайларының ең көп бөлігі ауа-тамшылы жұқпалар тобына жатады, ең алдымен жіті респираторлық вирусты жұқпалар (ЖРВИ) мен тұмау. Кейбір ауруларды бактериялар (күл ауруы, көкжөтел, туберкулез, қызамық, менингококтық жұқпа, гемофильді жұқпа), басқалары - вирустар (қызылша, қызамық, ЖРВИ, тұмау және т.б.) туындатады. Бірақ оларды ортақ жұқтыру механизмі біріктіреді - ауру қоздырғышы адам ағзасына дем алатын ауамен түседі. Көптеген жағдайларда жұқтыру көзі - адаммен тікелей байланыс кезінде ауа-тамшы жолымен беріледі. Іс жүзінде, барлық ауа-тамшы жұқпалары температураның жоғарылауынан, тамақтың жыбырлауы, мұрынның бітуі, жөтел, бас ауруларынан, жалпы әлсіздіктен басталады, ал қызылша, қызамық сияқты инфекцияларда тері қабатында бөртпе пайда болады.

Ауа-тамшы жұқпаларының алдын алуың ең тиімді тәсілі - вакцинациялау. Пневмококты, менингококты және гемофильді инфекцияларға, тұмауға, көкжөтелге, күл ауруына, қызылшаға, қызамыққа, эпидемиялық паротитке, туберкулезге қарсы иммундау профилактикалық егудің ұлттық күнтізбесінде белгіленген мерзімде салынады және эпидемиялық көрсеткіштер бойынша осы инфекциялық аурулардан қорғайды. Сондықтан да, екпеден бас тартпауға және ауырып қалу қаупіне жол беруге болмайды, бұл ең алдымен балаларға қатысты, себебі екпелердің көпшілігі бала жасында жүргізіледі. Қазіргі уақытта тұмауға қарсы вакцинацияға үлкен мән берілуде және ол барлық халыққа ұсынылады.

Ауа-тамшылы жолмен таралатын жұқпалы аурулардың алдын алу мынадай шаралар қолданыңыздар: егер отбасында науқас болса, оған жеке ыдыс-аяқ, күтім заттарын бөліңіз, жиі ылғалды тазалау жүргізіңіз және бөлмені желдетіңіз; науқас адаммен қарым-қатынас жасау кезінде тыныс алу органдарын маска немесе орамал арқылы қорғау керек;

тұмау және ЖРВИ-мен ауру жоғарылаған кезеңде адамдар көп жиналатын жерлерге барудан аулақ болу керек; қолды сабынмен

жиі жуу - тек ішек инфекцияларын ғана емес, сондай-ақ, тамшы жұқпаларымен де ауруды төмендетіндігі дәлелденген тәсіл; дұрыс тамақтану; тұрақты дене белсенділігі, шынығу; «ауа райына сәйкес» киім, өйткені салқындау иммунитетті төмендетеді; үнемі ылғалды жинау жүргізу.



Саламатты өмір салты, толыққанды ұйқы, дұрыс тамақтану ағзаның қорғаныс күшін арттырады және тиісінше, жұқтыру қаупін төмендетеді, ал егер ауру пайда болған болса, онда жақсы иммундық жүйесі бар ағза ауруды тез арада жеңеді.

О.ЖАХАНОВ,

Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының жетекші маманы, ашық көздерден алынған фотосурет.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕРІ: ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖҮГІНУ КЕРЕК?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес «БЖЗҚ» АҚ-дан (БЖЗҚ, Қор) белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған адамдарға (ерлер - 63 жас, әйелдер - 61 жас), сондай-ақ мерзімсіз уақытқа белгіленген 1 немесе 2 топтағы мүгедектігі бар, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Зейнет жасына жетуіне байланысты зейнетақы жарналарының міндетті түрлері есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтмақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) уақыттылы жүгінуге қажет. Мұны зейнет жасына дейін 10 күн қалғанда жасауға болады. Зейнетақы төлемдерінің барлық түрлері өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Егер алушы өтініш берген күні зейнет жасына толып қойған болса, өтініштің және қажетті құжаттардың ХҚКО-ға тіркелген күні өтініш берілген күн болып есептеледі. Ал азамат зейнетақы төлемін алуға зейнет жасына толғанға дейін, ертерек жүгінген болса, зейнет жасына толған күн - өтініш берілген күн болып есептеледі. Өткізіп алған уақыт үшін мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемі тағайындалмайтынын есте ұстаған жөн.

Сондай-ақ, бюджеттен зейнетақы төлемдерін ресімдеу үшін де уақыттылы жүгінуге маңызды, өйткені оларды тағайындау үшін алушы ұсынған құжаттар бойынша сәбкек өтілін тексеру қажет.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша белсенді қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ зейнетақы төлеміне өтініш бермеген тұлғалар бойынша Қор жыл сайын Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп осы азаматтардың жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің болуы тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді. Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған жағдайда, БЖЗҚ алушыларға мемлекеттік корпорациямен жасасқан тиісті келісім шеңберінде жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде ХҚКО-ға ұсынған банктік деректемелері бойынша зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру проактивті (өтінішсіз) қызметін көрсетеді.

Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің мерзіміз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтары төлемін алу үшін БЖЗҚ бөлімшелеріне не электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, БЖЗҚ сайтындағы (epf.kz) немесе мобильді қосымшасындағы жеке кабинет арқылы жүгінуге қажет.

БЖЗҚ-да мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін көшпелі қызмет көрсетудің ұйымдастырылғанына назар аударамыз. Бұл ретте алдын ала

ақыл-кеңес, оның ішінде қызметтерді қашықтан, ешқандай бармай-ақ алу мүмкіндігіне тексеру жүзеге асырылады.

ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасы басталғанға дейін - 50 жастан бастап алуға болады. Бұған қоса, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін белгіленген мүгедектік тобы мен мерзіміне қарамастан мүгедектігі бар адамдарға да беріледі.

Жасы бойынша немесе мүгедектікке байланысты ЕЗЖ есебінен төлемдер алуға өтінішті epf.kz сайтындағы жеке кабинетте онлайн-форматта беруге болады. Төлемдерді алу кестесін салымшы дербес белгілейді.

Айта кету керек, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

epf.kz сайтындағы "Қызметтер - Зейнетақы төлемдері - Кесте бойынша төлемдер" бөлімінде зейнетақы төлемдерінің түріне, құжаттарды беру тәсіліне, оларды ресімдеуге қойылатын талаптарға байланысты құжаттардың тізбесі, өтініш бланкілері және оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

"БЖЗҚ" АҚ қауіпсіздік және салымшыларға қатысты алаяқтықтың алдын алу мақсатында төмендегілерді еске салады:

- Зейнетақы төлемдерін ресімдеу делдалсыз және комиссиясыз жүргізіледі;

- БЖЗҚ қызмет көрсету кезінде ақы алмайды, барлық төлемдер қатан түрде заң бойынша жүзеге асырылады;

- Мемлекеттік органдардың, банкілердің, құқық қорғау құрылымдарының, байланыс операторларының және БЖЗҚ қызметкерлері ешқашан телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер арқылы дербес деректерді, банк карталарының деректемелерін, SMS-кодтарды және өзге де құпия ақпаратты сұратпайды;

- Егер қонырау шалушылар Сіздің аты - жөніңізді атап, тұрғылықты мекенжайыңызды және жұмыс орыныңызды білсе, бұл олардың ресми тұлға екендіктерін білдірмейді. Қажетті деректердің барлығын әртүрлі тәсілдермен алуға болады.

- БЖЗҚ қатан ескертеді! Ақпаратты ресми көзінен алыңыздар және тек заң шеңберінде әрекет етіңіздер.

- Жақындарыңызды, әсіресе қарт туыстарыңызды ақпаратты қауіпсіздік ережелерімен таныстырыңыздар.

- Сақтық шараларын алдын ала қабылданғанын, осылайша сіз өзіңіздің жеке деректеріңіздің берік қорғалуын, қауіпсіздігін және құпиялылығын қамтамасыз етесіз.

- БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, epf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

РЕГИСТРАЦИЮ ЛЕКАРСТВ УСКОРЯТ ВДВОЕ В КАЗАХСТАНЕ

В Казахстане планируется сократить срок регистрации лекарственных препаратов с 210 до 100 дней. Соответствующая норма предусмотрена в одобренном Мажилисом законопроекте по вопросам науки, передает корреспондент агентства Kazinform.

Как отметил депутат Асхат Аймагамбетов, в настоящее время процедура регистрации лекарственных средств по закону может длиться до 210 дней.

- Если честно, этот процесс иногда растягивается на годы. Поэтому мы предлагаем внедрить единый комплексный сервис, объединяющий регистрацию, экспертизу, установление предельной цены и внесение в национальный лекарственный формуляр. Это даст возможность сократить сроки регистрации с 210 до 100 дней, - сказал депутат.

Кроме того, для новых препаратов, одобренных такими крупными организациями, как FDA (Управление по контролю за продуктами и лекарствами - прим. ред) в США или ЕМА (Европейское агентство лекарственных средств - прим. ред) в Европе, будет введена упрощенная регистрация.

- Если лекарство доказало безопасность и эффективность в развитых странах, оно должно своевременно становиться доступным и для наших граждан. Это решение позволит



регистрировать необходимые препараты и закупать их без долгих процедур. Подобная практика широко применяется в Коре, ОАЭ и других развитых странах, - добавил Асхат Аймагамбетов.

По материалам Д.Искаковой, inform.kz, фото: А.Павский / Kazinform.

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕГЛАМЕНТ ТАЛАПТАРЫ ТУРАЛЫ



Техникалық регламент - өнімге, қызметке, өндіріс процесіне немесе оларды сақтау, тасымалдау, кедерге жарату тәртібіне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт. Оның басты мақсаты - адам өмірі мен денсаулығын қорғау, қоршаған ортаны сақтау, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тұтынушыларды жаңылыстырудан қорғау.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) аясында техникалық регламенттер ортақ нарықтағы өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданады. Ал Қазақстанда бұл сала Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі және оның құрылымдық бөлімшелері арқылы реттеледі.

Техникалық регламенттің негізгі мақсаты және басты міндеттері:

- Өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Адам өмірі мен денсаулығын қорғау;
- Қоршаған ортаны сақтау;

- Энергия тиімділігін арттыру;
- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау;
- Саудадағы техникалық кедергілерді азайту;
- Техникалық регламенттерде әдетте мынадай талаптар белгіленеді:
 1. Қауіпсіздік талаптары

Өнім химиялық, биологиялық, механикалық, өрт немесе радиациялық қауіп тудырмауы тиіс. Мысалы, балалар ойыншықтары құрамында зиянды заттар болмауы керек.
 2. Сапа және сәйкестік

Өнім белгіленген стандарттарға сай болуы және сәйкестікті растау рәсімінен өтуі қажет. Бұл сертификаттау немесе декларациялау арқылы жүзеге асырылады.
 3. Таңбалау және ақпараттандыру

Өнім қаптамасында өндіруші, жарамдылық мерзімі, қолдану тәсілі және қауіпсіздік шаралары көрсетілуі тиіс.
 4. Өндіріс және сақтау шарттары

Өндірістік процестер санитарлық және экологиялық нормаларға сәйкес жүргізілуі керек.

ЕАЭО техникалық регламенттері ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің барлығында міндетті түрде орындалуы тиіс.

Техникалық регламентті бұзудың жауапкершілігі

Техникалық регламент талаптарын бұзу:

- Әкімшілік айыппұл салуға;
- Өнімді айналымнан алып тастауға;
- Кәсіпорын қызметін уақытша тоқтатуға;
- Импорт/экспорт операцияларын шектеуге әкелуі мүмкін.

Техникалық регламент талаптары - нарықтағы өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құралы. Олар мемлекет пен бизнес арасындағы жауапкершілікті нақтылап, тұтынушылардың сенімін арттырады. Қазіргі жаһандану жағдайында техникалық регламенттер халықаралық сауданың ажырамас бөлігіне айналды және өнім сапасының кепілі болып саналады.

Г.С.АЙМБЕТОВА,

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы, ашық көздерден алынған фотосурет.

СҰЛУЛЫҚ САЛОНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН САНИТАРЛЫҚ ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылы № ҚР ДСМ -67 бұйрығында халыққа шаштараздың және косметикалық қызмет көрсету объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, яғни нысандардың орналасу тәртібін бастап, қандай құрылғылармен жабдықталу қажеттілігі, жұмыскерлердің жұмыс істеу қағидалары және т.б. көрсетілген.

Сұлулық салондары мен шаштараз қызметкерлері төменде көрсетілген жеке бас гигиенасын сақтауы керек:

- Клиентке қызмет көрсеткенге дейін және қызмет көрсеткеннен кейін сабынмен қолды мұқият жуу, қолдарды өңдеу үшін тері антисептиктерін қолдану, қорғаныш бетперделерімен, бір рет қолданылатын резеңке, латекс қолғаптарымен жұмыс жасау қажет.
- Шаш бояуды қолғаптармен жүргізу;
- Жұмыс орнында темекі шекпеу және ас ішпеу;
- Арнайы киіммен жұмыс жасау;
- Жеке және арнайы киімді бөлек сақтау қажет.

Әрбір сұлулық салоны мен шаштараз нысанында төмендегідей қағидалар сақталуы тиіс:

- Ерлер және әйелдер залдарында қол жууға және келушілердің басын жууға арналған раковиналар жеке-жеке жабдықталуы тиіс;
- Балаларға қызмет көрсетуге арналған креселер өз өлшемі және құрылымы бойынша олардың жасына және бойына сәйкес болуы керек;
- Косметикалық, маникюр және педикюр кабинеттері жабық үлгідегі бактерицидті ультрақұлғаштермен жабдықталуы қажет;
- Әр бір келушілердің дербес қолдануы үшін таза заттар қоры (сүлгілер, сулықтар, ақжымалар және басқалары) ұсынылуы қажет;
- Әсемдеу косметикасын жағу үшін бір рет қолданылатын құралдар пайдаланылады. Карандаштар әрбір клиенттен кейін ұшталыды немесе кесіледі, тушь тең және олар бір рет қолданылатын кистілермен жағылады. Косметикалық рәсімдер үшін бір рет қолданылатын мақта дискілер пайдаланылады.

- Тарақтар, щеткалар, шаш киюға арналған қайшыларды әрбір клиенттен кейін ағынды сумен жуу, қолдану жөніндегі нұсқаулығы бар зарарсыздандырығышқа немесе дезинфекциялау ерітіндісімен салу керек.

- Педикюр жастықшасы әрбір қолданудан кейін дезинфекциялау ерітіндісімен сүртіліп, аяққа және қолға арналған ванналар әрбір



клиенттен соң дезинфекциялануы керек;

